

III сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXX сессиясының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 350 "Жерге салық салу мақсаты үшін салық ставкаларына түзету коэффициенттерін және жерлерді бағамдық аймақтандыру схемасын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XII сессиясының 2008 жылғы 20 тамыздағы N 138 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 19 қыркүйекте N 793 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі N 356 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі N 356 шешімімен.

IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. III сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXX сессиясының "Жерге салық салу мақсаты үшін салық ставкаларына түзету коэффициенттерін және жерлерді бағамдық аймақтандыру схемасын бекіту туралы" 2007 жылғы 5 маусымдағы N 350 (нормативтік құқық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 749 рет санымен 2007 жылдың 11 шілдесінде тіркелген, 2007 жылдың 4 тамызында "Алматы ақшамы" газетінің N 90 нөмірінде және 2007 жылдың 4 тамызында "Вечерний Алматы" газетінің N 195 нөмірінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген 2 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*IV сайланған Алматы
қаласы мәслихаты
кезектен тыс
XII сессиясының*

төрағасы

Б. Оспанов

*IV сайланған Алматы
қаласы мәслихатының*

хатшысы

Т. Мұқашев

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының кезектен тыс
XII сессиясының 2008 жылғы

**Салық салу мақсатында Алматы қаласын
аймаққа бөлу бағалау схемасы**

РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз